

## 1-БЛОК: Сызу/Технология (қыз балаларға арналған)

### *Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

1. Тұтас негізгі сызықтың қалыңдығы:

- A) S-0,3 – 1,4 мм
- B) S -2 -2,5 мм
- C) S-0,5 – 1,4 мм
- D) S-0,5 – 0,8 мм
- E) S-0,4 – 1 мм

2. Нәрсенің сызбадағы ұзындығының оның натурал ұзындығына қатынасы

- A) пішім
- B) көлем
- C) өлшем
- D) нақты шама
- E) масштаб

3. Нұсқа және өлшем сызықтарының алынатын ара қашықтығы:

- A) 10 мм
- B) 15 мм
- C) 20 мм
- D) 12 мм
- E) 7 мм

4. Бір сызықтың екінші сызыққа, үшінші сызықтың көмегімен біртіндеп өтуін қалай айтады:

- A) түйіндесу
- B) жанама
- C) доғал сызық сызу
- D) қосу
- E) біріктіру

5. Шеңберді тең бөлікке бөлу тәсілі

- A) бұрыштықтар арқылы
- B) радиус арқылы
- C) циркульдің көмегімен
- D) транспортирді пайдалану арқылы
- E) диаметр арқылы

6. Түзу мен жазықтықтың ортақ нүктесі

- A) жалғасу
- B) түйіндеу
- C) қиылысу
- D) жанасу
- E) проекциялау

7. «Осьтер бойынша өлшеу» деген мағынаны білдіреді

- A) аксонометрия
- B) диметрия
- C) фронталь
- D) асимметриялық
- E) изометрия

8. Нүктенің осьтер ( $x, y, z$ ) арқылы анықталатын орыны

- A) абсцисса
- B) санақ басы
- C) ордината
- D) аппликата
- E) координаталар жүйесі

9. Тікбұрышты изометрияда шеңбердің кіші фронталь проекция осі  $O_x$  және үлкен осі  $O_y$  коэффициенттері:

- A)  $O_y-1,06Д$ ;  $O_x-0,95Д$ .
- B)  $O_x-0,71Д$ ,  $O_y-1,22Д$ .
- C)  $O_y-1,06Д$ ;  $O_x-0,71Д$ .
- D)  $O_y-1,06Д$ ;  $O_x-0,35Д$ .
- E)  $O_y-1Д$ ;  $O_x-0,5Д$ .

10. Тік бұрышты изометриядағы кескіннің координаттар бойынша өзгеру коэффициенті:

- A)  $x-1$ ;  $y-0.5$ ;  $z-1$ .
- B)  $x-1$ ;  $y-0$ ;  $z-0,5$ .
- C)  $x-1$ ;  $y-1$ ;  $z-1$ .
- D)  $x-1$ ;  $y-0.94$ ;  $z-1$ .
- E)  $x-0.94$ ;  $y-0.47$ ;  $z-0.94$ .

11. Аксонометрияда  $x, y, z$  осьтерінің атаулары;

- A)  $x$  абсцисса,  $y$  аппликата,  $z$  ордината
- B)  $x$  ордината,  $y$  абсцисса,  $z$  аппликата
- C)  $x$  абсцисса,  $y$  ордината,  $z$  аппликата
- D)  $x$  аппликата,  $y$  ордината,  $z$  абсцисса
- E)  $x$  ордината,  $y$  аппликата,  $z$  абсцисса


12. Тушьпен жұмыс істеуге арналған :

- A) кронциркуль
- B) рейсфедер
- C) карандаш
- D) циркуль
- E) қылқалам



13. Детальдарды құрастыруды оңайлату үшін қолданылады:

- A) фасад
- B) өлшем сызықтары
- C) фаска
- D) габариттік өлшемдер
- E) өлшем бірліктері



14. Суретке көріністерді сәйкестендіріңіз:




A)





B)





C)



D)




E)




15. Сәйкестендіріңіз:



A)




B)



C)



D)



E)



16. Құрастырмалы сызбаны оқу:

- A) Жұмыс істеу принципі мен құрастырудың ретін анықтайтын процесс
- B) Құрастырмалы бөліктің сыздадағы кескіндерінің қатесін анықтау
- C) Сызба мен басқа техникалық құжаттарда қолданатын тетіктермен салыстыру
- D) Бұйымның пішіні мен құрылымын елестету,оның міндетін,жұмыс принципін айқындау
- E) Өндірісте бір рет пайдаланатын және өнімді дайындауға арналған мәліметтер

17. Сипаттамалық құжат

- A) A4 форматына сызбаны шектейтін сызықтардың сызылуы
- B) A4 пішімде оқу сызбаларындағы негізгі жазу
- C) стандартты өндіріс пен құрылыстың барлық салаларында қолданатын графикалық кескін
- D) сызба мен басқа техникалық құжаттарда қолданатын әріптер мен цифрлар
- E) құрастырмалы бірліктің құрамды бөліктерінің атауы, номері және саны көрсетіледі

18. Ғимараттың масштабтарда орындалуы

- A) 1:50,1:100,1:200,1:400,1:500
- B) 1:2,1:1,5,1:3,1:4,1:5
- C) 500:1,400:1,200:1,100:1,50:1
- D) 1:200,1:400,1:500,200:1,100:1
- E) 5:1,4:1,2:1,1,5:1,0,5:1


19. Жоспарда бөлмелердің ауданын:

- A) мм өлшейді
- B) «+» , «-» белгілерін қосып өлшейді
- C) м.кв өлшейді
- D) Кейде см өлшейді
- E) га өлшейді

20. Картада топографиялық нысандардың орнын анықтау мақсатында тік бұрышты тор сызығында

- A) метр қолданылады
- B) «мм» сызылады
- C) әр нысанның өз өлшемі бар
- D) километр қолданылады
- E) «см» сызылады

21. Қажетті тілікті анықтаңыз



- А) фронталь тілік
- В) жергілікті тілік
- С) жарты тілік, жарты көрініс.
- Д) сынық тілік
- Е) горизонталь тілік

22. КОМПАС жүйесінің кешені:

- А) Ресейде 1989 жылы құрылған
- В) АҚШ-та 1982 жылы құрылған
- С) Японияда 1980 жылы құрылған
- Д) Қытайда 1999 жылы құрылған
- Е) Қазақстанда 2001 жылы құрылған

23. Геометриялық денелер кеңістіктегі көріністері (аксонометрия) – нәрсені қай жағынан көрсетеді:

- А) 2-жағынан
- В) 1-жағынан
- С) 6-жағынан
- Д) 3-жағынан
- Е) барлық жағынан

24. Өлшем сызығы шығару сызығымен перпендикуляр қосылған жері:

- А) нұсқамамен шектеледі
- В)  $45^\circ$  онға көлбеу сызықшамен шектеледі
- С) нүктемен шектеледі
- Д)  $45^\circ$  солға көлбеу сызықшамен шектеледі
- Е) шектелмейді

25. Цилиндрді фронталь проекциялаушы жазықтықпен қиғанда горизонталь проекциясында болатын фигура пішіні:

- A) тік төрт бұрыш.
- B) жарты шеңбер.
- C) параллелепипед.
- D) параллелограмм.
- E) трапеция.

26. Электр машиналармен жұмыс жасар кезде алдымен не істеу керек

- A) майын тексеру
- B) тоқ көзіне қосылғандығын тексеру
- C) жіптерін тексеру
- D) шәрнөгін тексеру
- E) ақауын тексеру

27. Электр плитасында ас әзірлеу үшін қандай ыдыс пайдаланған дұрыс

- A) қыш
- B) шыны
- C) эмальданған
- D) алюминий
- E) әйнек

28. Басы үшкір заттарды сақтау тәртібі

- A) жоғарғы сөреге қой
- B) іліп қой
- C) тартпада ұста
- D) сөмкеге сал
- E) столға қой

29. Сәтендік тоқумен өндірілген маталардың қасиеттері

- A) қатты
- B) нашар жиырылады
- C) жақсы жиырылады
- D) жұмсақ
- E) созылғыш

30. Бір операцияда жұқа маталардың жиегін екі қаттап бұруге арналған табан

- A) торлау қондырғысы
- B) кесте табаны
- C) ажыратқыш табан
- D) тіккіш табан
- E) сызғышты табан



31. Тұрмыстық тігін машиналарының көбінесе бір-бірімен нелері ортақ болып келеді

- A) құрылымы, техникалық мүмкіндігі
- B) сыртқы көрінісі, реттеуі
- C) техникалық мүмкіндігі, құрылғысы
- D) құрылғысы, сыртқы көрінісі
- E) құрылғысы, реттеуі, пайдалану ережелері

32. Тиісті операцияларды шапшаң, сапалы орындауға, тігін қызметкерлерінің жұмысын жеңілдететін машина

- A) қол машиналар
- B) мамандандырылған машина
- C) жиек торлайтын машиналар
- D) арнаулы тігін машинасы
- E) сырып тігетін машина

33. Тігін машинасының инесі төмен орналасқанда байқалатын ақау

- A) жоғары жіп үзіледі
- B) мата зақымданады
- C) инешаншым тігілмей қалып қояды
- D) ине сынады
- E) тігіс жасалмайды

34. Электр қозғалтқыш қосылады және ажыратылады

- A) белбеу арқылы белдікпен айналдыру
- B) электр жетегі арқылы
- C) қосу педалі көмегімен
- D) маховик дөңгелегімен
- E) шкивпен тегершік арқылы

35. Кестелеу тігісі кезінде машинаның жылдамдығын қалай жүргізеді

- A) өте жәй
- B) бір қалыпты
- C) өте жылдам
- D) азайтып
- E) көбейтіп

36. Артқы бой қолтық ойындысы қалыс, денебітімге қыналып жабыспайды (ақау)

- A) дене бітім ерекшелігі ескерілмеген
- B) жең түбі қысқа
- C) бел сызығы көтеріңкі
- D) кеуде бүкпе ендігі жеткіліксіз
- E) бүкпе ендігі үлкен

37. Иықты бұйымның алдыңғы бой сызбасын құрастыруда бүкпе енін табу формуласы

A)  $J_9 J_{11} = K_3 K_1 : 2 - 1 \cdot (ЖКаII - ЖКаI)$

B)  $J_9 J_{11} = 0,2 \cdot K_2 K_3$

C)  $J_9 J_{11} = R_2 - Ие$

D)  $R_1 = 2 \cdot (ЖКаII - ЖКаI) + 1,5$

E)  $J_9 J_{11} = A_n K_0 + 0,5 \cdot (ЖКаII - ЖКаI)$

38. Бір элементтің бірдей арақашықтықта қайталанып келуі

A) ырғақтылық

B) пропорционалдық

C) фасондық

D) симметриялық

E) пропорциялық

39. Дене пропорциясының типтері

A) 2

B) 4

C) 6

D) 5

E) 3

40. Бел сызығынан айналдыра алынатын өлшем

A) ЖКе

B) ЖКа II

C) ЖКа I

D) ЖМа

E) ЖБа

41. Алдыңғы жағынан мойынның иық ылдиы бойымен кеуде безінің шығыңқы нүктесіне дейінгі өлшем

A) иықтың қиғаш биіктігі

B) кеуде биіктігі

C) иық ені

D) жартылай кеуде ені

E) жартылай артқы бой

42. Қиық шетінен қанша мм шегініп, иық қиықтарын алдыңғы бой жағынан көктейді

A) 10 мм

B) 12 мм

C) 3 мм

D) 15 мм

E) 5 мм

43. Бірінші шақтап көрудің мақсаты

- A) бұйымның пішімін анықтау
- B) иық тігістерінің сапасы
- C) дұрыс көлем беру , бөлшектерді дұрыс орналастыру, эскизге сәйкес келтіру
- D) бүйір тігістерін тексеру
- E) бұйымның қонымдылығы

44. Өмірге ақиқат, шындық тұрғысынан қарау

- A) реалистік
- B) зерттеушілік
- C) әлеуметтік
- D) кәсіпкерлік
- E) артистік

45. «Шаруашылық», «заң» немесе «шаруашылық заңы» деген мағынаны білдіреді

- A) саудагер
- B) кәсіпкер
- C) менеджер
- D) экономика
- E) ашық акционерлік қоғам

46. Тауар түрлеріне, оның қасиеттеріне сипаттама беруші

- A) мерчендайзер
- B) менеджер
- C) сатушы
- D) сатушы-консультант
- E) сауда өкілі

47. Үй экономикасы деген термин

- A) отбасына түсетін табыстар
- B) үй шаруашылығын дұрыс және тиімді жүргізе білу
- C) отбасылық жинақы фондты толықтыра білу
- D) отбасынан шығатын табыстар
- E) сауда жасай білу

48. Тауар мен көрсетілетін қызметке төлеуге қабылданатын құн шамасы және өлшем бірлігі

- A) салық
- B) баға
- C) ақша
- D) жалақы
- E) тауар

49. Өз ісінде меншік иесінің капитал айналымы бар коммерциялық ұйымның атауы

- A) ашық акционерлік қоғам
- B) жабық акционерлік қоғам
- C) кәсіпорын
- D) серіктестік шаруашылық
- E) жеке меншік

50. Пішу автоматында матаны немен кеседі

- A) лазер сәулесімен
- B) тоқпен
- C) вакуммен
- D) сәулемен
- E) қайшымен

*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

51. Сызуды пәні:

- A) берілген өлшемдер арқылы заттарды жасау
- B) графикалық кескіндерді оқу және орындауды үйретеді
- C) заттарды дұрыс қолдануды үйретеді
- D) сызбаны оқып және сызуды дұрыс салуды үйретеді
- E) сызбаны оқу және оқу арқылы есептеу
- F) сызбаны оқып, заттарды құрастыруға көмектеседі

52. Кесіндінің тік бұрышты проекциясының ұзындығы оның өзінің ұзындығынан:

- A) үлкеюі мүмкін, кішіреймейді
- B) үлкен болуы мүмкін емес
- C) өзгермейді
- D) үлкеюі, кішірейуі мүмкін
- E) кішіреюі мүмкін, үлкеймейді
- F) кіші болуы мүмкін емес

53. «Фронталь» ұғымы

- A) Сыртқы қабат
- B) Бақылаушыға қараған беті
- C) Негізгі көрініс
- D) Астынан қарағанда
- E) Жалпы көрініс
- F) Қырынан қарағанда

54. Қиманың мақсаты

- A) берілген сызбаны ықшамдау
- B) сызбаның ішкі және сыртқы пішінін анықтау
- C) бір форматқа бірнеше сызбаны орындау
- D) сызба туралы толық мағлұмат алу
- E) қиын сызбаларды анықтау
- F) сызу жұмыстарын азайту

55. Қиюшы жазықтықтық проекция жазықтығына қарағандағы орналасуына байланысты тіліктерді:

- A) күрделі, профиль, фронталь
- B) горизонталь, вертикаль, көлбеу
- C) профиль, сынық, жергілікті
- D) тік, көлбеу, жазық
- E) фронталь, көлбеу, қисық
- F) диагональ, горизонталь, вертикаль

56. Топырақты өңдеу операцияларына

- A) Таптау
- B) Жер жырту
- C) Топырақтың су өткізгіштігі
- D) Топырақтың қарашірігі
- E) Сыдыра жырту
- F) Культивациялау
- G) Топырақтың механикалық құрамы
- H) Тырмалау

57. Қарапайым тұшы қамырдан жасалатын тағамдар түрін белгілеңіз.

- A) Тоқаш, бауырсақ.
- B) Кеспе
- C) Самса, бәліш.
- D) Пирог, нан.
- E) Тұшпара, мәңті.
- F) Торт, печенье.
- G) Самса

58. Матаның гигиеналық қасиеттері

- A) Матаның сетінегіштігі
- B) Матаның қыртыстануы
- C) Матаның отыруы
- D) Ауа өткізгіштігі
- E) Матаның беріктігі
- F) Шаң өткізгіштігі
- G) Жылу сақтағыштығы
- H) Ылғал өткізгіштігі

59. Бірнеше босшалудан тұратын тізбек, өрнектер қатарына жатпайды, тоқылатын жайма жиырылып тұрмауы үшін тізбегі бос алынады

- A) бос шалу
- B) бағанша
- C) тығыз шалу
- D) тоқыма
- E) шалма
- F) тізбекше

60. Қандай түстер адамға қуаныш, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды?

- A) Түстер үйлесі.
- B) Қара
- C) Қара, түнерген.
- D) Ешқандай.
- E) Жылы, сәулелі, белсенді.
- F) Суық.

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *1-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Түйіндесуде және изометриялық проекциядағы доғал бұрыштар, эллипс, парабола, гиперболола сызбалары өте күрделі және орындау қиыншылық туғызады. Әр затты салмай тұрып онымен танысу керек.

61. Қиылысатын жазықтық түзу шеңберлі конусқа перпендикуляр айналатын конус осін қиятын болса \_\_\_\_\_ қиылысы шығады

- A) эллипс
- B) парабола
- C) гиперболола
- D) түйіндесу
- E) қоршау

62. Қисық бетің жазықтықпен қиылысуы немесе қисық беттердің өзара қиылысу сызықтары \_\_\_\_\_ болады:

- A) көлбеу
- B) вертикаль
- C) қисық
- D) параллель
- E) перпендикуляр

63. Қиюшы жазықтық конуспен көлденең осіне параллель қиылысса, конустың бүйір беті \_\_\_\_\_ түрінде қиылады.

- A) Түйіндесу
- B) Проекция
- C) Парабола
- D) Гиперболола
- E) Эллипс

64. \_\_\_\_\_ қисық сызықты кеңістікті сызық деп атаймыз:

- A) Бір нүктесі бір жазықтықта жататын
- B) Бір нүктесі бір жазықтықта жатпайтын
- C) Нүктелері бірнеше жазықтықта жататын
- D) Барлық нүктесі бір жазықтықта жататын
- E) Барлық нүктесі бір жазықтықта жатпайтын

65. Конусты жазықтық белгілі бір бұрыш жасай қиса онда оның бүйір көрінісі \_\_\_\_\_ болады

- A) гиперболола
- B) параболола
- C) эллипс
- D) түйіндесу
- E) проекция



## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *2-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Бұрынан тігін машинасын сатып алуды ойлап жүр едім. Оған дейін ескі «чайка» маркалы машинасымен тігетінмін. Досым тозығы жеткен, педалі скотчталған Janome W23N машинасын сыйға тартқан еді. Бірнеше рет онымен қалың мата тігіп көрдім. Анығын айтқанда нәтижесіне көңілім толмады, қуаты жеткіліксіз, былғарымен жұмыс істеу тіптен қиындыққа соқты. Тігістері қисықтау болып шығатын бұл машинада менің ойымша матаны жылжыту механизмі әлі де соңына дейін жетілдірмеген. Әдбен досым берген Janome W23N тігін машинасымен тіккен кезде қиналып кеттім. Ақырында жаңа тігін машинасын сатып алуға шешім қабылдадым. Жаңа тігін машинасының көп тігін операцияларын орындаса, қалың маталарды тіксе деп қалаймын. Қазіргі техниканың дамығаны сонша күннен- күнге таңқалдырып келеді.

66. Тігін машинасының үстіңгі жіпкеру құрылғысы орналасқан жері

- A) Шөлмек қақпашасының корпусында
- B) Тігін машинасының корпусында
- C) Пластиналы серіппесінде
- D) Керу серіппесінде
- E) Жіпкеру серіппесінде

67. Айлабұйымдар кешенімен орындалатын операциялар

- A) Сырып тігу, қосып тігу, ызба немесе сыдырманы қосып тігу
- B) Түймеліктерді торлау, түйме қадау, сыдырманы қосып тігу
- C) Түйме қадау, көктеу, бөлшек қиықтарын қиғаш жиектеу
- D) Көктеу, қосып тігу, бөлшек қиықтарын қиғаш жиектеу
- E) Ызба немесе сыдырманы қосып тігу, сырып тігу

68. Астыңғы жіптің керілуін реттегіш

- A) Серіппе, пластиналы серіппе, керілу
- B) Қақпаша корпусы, серіппе, жіпкеру тығырығы
- C) Бұрандама, қақпаша корпусы, жіпкеру серіппесі
- D) Керу серіппесі, пластиналы серіппе, керілу
- E) Сомын (гайка), серіппе, керу серіппесі

69. Тігін машинасы инесінің құрылысы

- A) Керілу қақпақшасы, серіппе, колба
- B) Керу серіппесі, керілу қақпақшасы
- C) Колба, оқтама, ұшы
- D) Бұрандама, гайка, серіппе
- E) Оқтама серіппе, ұшы

70. Жоғарғы жіптің керілуін реттегіш

- A) Серіппе, бұрандама, керілу
- B) Керу серіппесі, жіпкеру тығырығы, бұрандама
- C) Жіпкеру тығырығы, керілу, бұрандама
- D) Сомын (гайка), серіппе, жіпкеру тығырығы
- E) Бұрандама, қақпаша корпусы, керілу

**1-БЛОК бойынша тест аяқталды.**